**Бекітемін**
**Ақмола аудандық пайдалану бөлімінің бастығы**
**подполковник _____ А. Дюсекеев**

**«____» _____ 2026 г.**

## Сатып алынатын тауарлар / жұмыстар / қызметтер техникалық ерекшеліктері

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Сатып алу атауы: | Автоматты секциялық қақпаларды монтаждау бойынша жұмыстар |
| 2 | Тауардың/жұмыстардың/ қызметтердің атауы | 433210.200.000001 |
| 3 | Тауарлар / жұмыстар / қызметтер сипаттамасы: | Есіктерді/қақпаларды / турникеттік жүйелерді / қоршауларды орнату (монтаждау) жөніндегі жұмыстар |
| 4 | Қосымша сипаттама: | Есіктерді/қақпаларды/турникеттік жүйелерді/қоршауларды және ұқсас бұйымдарды орнатуға/монтаждауға байланысты жұмыстар |
| 5 | Саны: | 1 |
| 6 | Өлшем бірлігі: | жұмыс |
| 7 | Жеткізу орындары: | Астана қ., Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы 44 |
| 8 | Жеткізу мерзімі: | Шартқа қол қойылғаннан бастап 15 күнтізбелік күн |
| 9 | Сатып алынатын тауарлар / жұмыстар / қызметтер сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары: | **1. Негізгі техникалық сипаттамалары** |

| **Көрсеткіш** | **Талап** |
|---|---|
| Саны | 2 жиынтық |
| Өндіруші | DoorHan немесе баламасы |
| Қақпа түрі | Көтермелі секциялық қақпа |
| Әрбір ойықтың өлшемі | Ені — 2 800 мм; биіктігі — 2 700 мм |
| Полотно материалы | Болат сэндвич-панельдер |
| Панельдердің қалыңдығы | Кемінде 40 мм |
| Панельдердің толтырғышы | Пенополиуретан |
| Бағыттаушы құрылғылар | Металл, мырышталған |
| Көтеру механизмі | Торсионды-серіппелі |
| Басқару түрі | Электр жетегі арқылы автоматты басқару |
| Қашықтан басқару пульттері | Әрбір жиынтыққа кемінде 2 дана |
| Тығыздағыш | Қақпа төсемінің периметрі бойынша |
| Түсі | Тапсырыс берушімен келісу бойынша |

**2. Құрылымына қойылатын қосымша талаптар**

**№ 1 қақпа — кіріктірілген жаяу жүргіншілер есігімен:**

20. Секциялық төсемде адамдардың өтуіне арналған зауытта дайындалған кіріктірілген есік болуы тиіс. (өлшемін келісу)

21. Есік жеке тұтқамен және құлыптау механизмімен жабдықталуы тиіс.
22. Есік ашық тұрған кезде қақпаның қозғалысын бұғаттайтын қауіпсіздік жүйесі қарастырылуы тиіс.
23. Есіктің конструкциясы адамдардың қауіпсіз әрі ыңғайлы өтуін қамтамасыз етуі тиіс.

**№ 2 қақпа — кіріктірілген есіксіз:**

24. Кіріктірілген есігі жоқ стандартты секциялық төсем.
25. Электр жетегі арқылы автоматты түрде ашылып-жабылуы тиіс.

**3. Орындалатын жұмыстардың құрамы**

26. Қолданыстағы ойықтардың бақылау өлшемдерін алу.
27. Ойықтарды монтаж жұмыстарына дайындау.
28. Жаңа автоматты секциялық қақпалардың екі жиынтығын жеткізу.
29. Жабдықты объектіге жеткізу және түсіру.
30. Бағыттаушы конструкциялар мен бекіту элементтерін монтаждау.
31. Секциялық төсемдер мен торсионды механизмдерді орнату.
32. Электр жетектері мен басқару блоктарын орнату.
33. Бір қақпаға кіріктірілген есікті монтаждау және реттеу.
34. Есік ашық болған кезде электр жетегін бұғаттау жүйесін қосу.
35. Автоматты басқару жүйесі мен қашықтан басқару пульттерін баптау.
36. Іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу.
37. Жабдықтың жұмысқа қабілеттілігі мен қауіпсіздігін тексеру.
38. Жұмыс орнын құрылыс қалдықтарынан тазарту және пайда болған қоқысты шығару.

**4. Сапаға және кепілдікке қойылатын талаптар**

- Жеткізілетін барлық бұйымдар мен жиынтықтауыштар жаңа, бұрын пайдаланылмаған, ақаусыз және зақымдалмаған болуы тиіс.
- Монтаж жұмыстары өндірушінің техникалық құжаттамасына және қауіпсіздік талаптарына сәйкес орындалуы тиіс.
- Қақпалар қисаюсыз, кептелусіз және бөгде шуылсыз бірқалыпты ашылып-жабылуы тиіс.
- Электр жетегі мен басқару құрылғылары орнатылған жабдық құрамында реттеліп, тексерілуі тиіс.
- Орындаушы Тапсырыс берушіге бұйымдардың паспорттарын, пайдалану жөніндегі нұсқаулықтарды және кепілдік құжаттарын ұсынуы тиіс.
- Жабдық пен орындалған монтаж жұмыстарына кепілдік

| | | |
|---|---|---|
| | | мерзімі қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап кемінде 12 ай болуы тиіс.<br><br>**5. Қабылдау шарттары**<br>Орындалған жұмыстарды қабылдау қақпалардың екі жиынтығы жеткізіліп, толық орнатылып және қосылғаннан, іске қосу-баптау жұмыстары жүргізіліп, автоматты басқару жүйесінің жұмысқа қабілеттілігі тексерілгеннен кейін жүзеге асырылады. Қақпалар Тапсырыс берушіге жарамды, пайдалануға дайын күйде, техникалық және кепілдік құжаттарының жиынтығымен тапсырылуы тиіс.<br><br>**6. Ерекше шарттар**<br>2 800 × 2 700 мм өлшемдері әрбір қақпаға арналған қолданыстағы ойықтың өлшемдері ретінде көрсетілген. Бұйымның түпкілікті өлшемдері және кіріктірілген есікті орнату мүмкіндігі Орындаушы бақылау өлшемдерін алғаннан кейін айқындалып, жабдықты дайындау және жеткізу алдында Тапсырыс берушімен келісіледі. Кіріктірілген есік өндіруші зауыттың конструкциясында қарастырылуы тиіс; дайын қақпа төсемінде өз бетінше ойық кесуге жол берілмейді.<br><br>**7. Жеткізуші міндетті**<br>- әскери бөлімдер мен мекемелердің өкілдерімен қосымшаға сәйкес нақты көрсетілген не орындалған көлемді келісу, орындалған көлемді көрсете отырып, көрсетілген қызметтердің/жұмыстардың аралық актісіне қол қою, бөлім өкілінің қолымен, сондай-ақ мөртаңбамен немесе мөрмен куәландыру. (Бегунок).<br>- Орындалған жұмыстар қағаз тасығышта Р-1 нысанындағы Орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісіне (орындалған жұмыстар актісі) қол қоюмен расталады. |

**Ғимараттар мен құрылыстарды пайдалану бөлім бастығы**

**капитан** **М. Турдыкулов**

**Жөндеу-қалпына келтіру батальоны инфрақұрылымды дамыту және ұстау тобының инженері (құрылысшы)**

**лейтенант** **Б. Өсер**

**Келісілді:**
**Бөлім бастығының көмекшісі (құқықтық жұмыс бойынша)**

**капитан** **Е. Ербаев**